

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педогогикалық Университеті


# Презентация

**Тақырыбы:** «Биологияның ғылыми пәндермен байланысы»

**Орындаған: Әбдітәліп Г.**

**Тобы: 125-48а.**

**Қабылдаған: Халикова Г.**




## Биология (көне

грекше: βιολογία; βίος – өмір + λόγος – ғылым)

— жаратылыстану ғылымдарының бір саласы. Тірі организмдерді және олардың қоршаған ортамен арақатынасын зерттейтін ғылым. Биология жанды нәрселерде тіршіліктің барлық көріністерімен айналысады. Биология ғылымы тірі организмдердің құрылысын, функциясын, өсіп-жетілуін, шығу-тегін, эволюциясы мен Жер бетінде таралуын қарастырады. Бұл ғылым организмдердің классификациясын жасап оларды суреттейді, олардың функцияларына үңіледі, түрлердің қалай пайда болатынын сипаттаумен қатар организмдердің бір-бірімен қатынасын және табиғи ортасымен арақатынасын зерттейді.

# Биология ғылымының басқа ғылымдармен байланысы



Биология - табиғат пен қоғамдық құбылыстарды зерттейтін ғылым ретінде жаратылыстану, гуманитарлық бағыттар мен негізгі пәндердің мәліметтеріне сүйенеді және де мектепте оқытылатын басқа да көптеген оқу пәндерімен пәнаралық байланыстар жүргізіле отырып оқытылатын пәндердің бірі.

Биология пәнін оқытудағы ең тиімді дидактикалық ұстанымдардың бірі-пән аралық байланыс. Бұл ғылыми-жаратылыстану пәндері мен қоғамдық-гуманитарлық циклдердің және жастарды еңбекке баулуда білім берудің арасындағы байланыстарды қамтамасыз етеді.

Жұмысты жоспарлау барысында пәнаралық байланысты жүзеге асыру - мұғалім мен оқушылардың бірлесе жұмыс жасауын күшейтеді, сабақ сапасын жақсатрады, оның тәрбиелік ролін кеңейтуге мүмкіндік береді. Көптеген пән мұғалімдері жұмысын қиындатқысы келмейді, бірақ бұл сипаттар керісінше - олардың ой шешімін қамтамасыз ете отырып, сабақтың білімдік - тәрбиелік потенциалын күшейту мақсатындағы пәнаралық ынтымақтастықты арттырады.



Мектептегі биология пәнімен биология ғылымының арасында үлкен айырмашылық бар. Бұлардың мақсаттарымен көлемі, құрылымы және баяндау әдістерімен формалары өзгеше.

Биология ғылымының мақсаты- зерттеу арқылы табиғат туралы жаңалықтар, жаңа білім алу. Мектеп биологиясының мақсаты- оқушыларды даяр ғылыми фактілермен заңдылықтармен таныстыру. Мектепте биологияны оқытуға белгілі ғана уақыт бөлінген, сондықтан оқушыларды нақты ғылыми негіздермен таныстырады және ғылыми проблемаларды артық информациясыз түсіндіреді. Биология ғылымы өзінің даму кезеңінде жеке ғылымдарға бөлінсе (анатомия, систематика, т.б.), дифференциалданса, мектеп биологиясын-да жеке ғылымдардың элементтері біріктірілген, интеграцияланған.

Биология агрономиямен медицинаның негізі болып саналады. Өз пәніне қызығушылығы болмай, оқытушы биологияны оқыту процесінде әсіресе биология материалында тәрбиелеу процесінде мақсатына жете алмайды. “Ғылыммен оқушыны тәрбиелегін келсе, өз ғылымыңды сүй және біл, сонда оқушылар өзіндіде ғылымды да ұнатады, және сен оларды тәрбиелей аласың; егер өзін ғылымды сүймесен, қанша оқуға мәжбір етсеңде, ғылымның тәрбиелік әсері болмайды” - Л.Н. Толстой.



Жалпы білім беретін мектептегі биология пәнінің бастауыш білім беру сатысындағы дүниетану пәні негізінде құралады. Бұл пән бойынша оқушыларға еліміздің табиғаты, табиғи байлығы, экономикасы, ғылымы мен мәдениеті, этика, әдеп, эстетика, адам-адам, адам қоғам, адам табиғат арасындағы қарым қатынас түрлері жайында ғылыми сарамандық ұғымдар беріледі. Пәнді оқып үйрену барысында оқушылар дүниенің үш құрамдас бөлігі: адам, қоғам, табиғат саласынан білім алады. Биология, химия, география пәндерінің бастама негіздері қаланып, соның ішінде қоршаған дүние заттары, құбылыстары, табиғат экология туралы ғылыми түсінік қалыптасады.



Биология мен химия пәнаралық байланыста экологиялық білім және сабақ үстінде әр тақырыпты өткенде жан-жақты байланыстыра отырып білім беру үшін материалдарды сұрыптағанда қоршаған ортадағы болып жатқан әр түрлі құбылыстарды жалпы және жеке заңдар мен ережелер негізінде түсіндіруге бастаса, оқушыларда қоршаған орта жүйесіндегі түрлі үдерістерге танымдық көзқарас қалыптасып, ол жалпы білімнен мамандықтарына қатысты кәсіби білімге ұласады. Ал мұндай білім беру жүйесін іске асыру үшін, ең алдымен пәнаралық байланыста оқытылатын пәннің мазмұны оқытудың мақсатын, нәтижесін анықтайтындай оқу бағдарламасында көрініс табуы қажет.

Биология, химияның тақырыптары мен олардағы материалдар бойынша пәнаралық байланыста беруге болатын ғылыми экологиялық ұғымдар, биологиялық және химиялық ұғымдар, экологиялық білім оқушылардың мүмкіндігінше тиімді пайдалану негізге алынған. Оқу құралдарының мазмұны, оқытудың формалары, мұғалімнің оқытудағы іс-әрекеті мен тұлғаның оқу әрекеттерінің қабысуы негізінде оларда теориялық біліммен қатар адамгершілік, инабаттылық тәрбиесін жоғары деңгейге көтеру мақсаты жүзеге асады.





Биология және химияны оқушыларға оқытқанда кез-келген тақырыптағы мәліметтер бір-бірімен байланысып отыратыны анық. Соның әдісін тауып, оқушыларға ұғындыру пән бойынша нәтижесін береді. Осылайша, пәнаралық байланысты қолдану нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, олар сабақ үшін жаңа, тың материалдарды іздестіру қажеттілігін сезіне біледі деп ойлаймын. Балалар қарапайым оқу рефераттары мен баяндамаларын жазуда белсенділік таныта бастайды және жазу сауаттылығы жоғарылайды

Тарих пәнімен байланыс ежелгі адамның дамуы яғни эволюция тарихи толқындарын парақтауға мүмкіндік береді.